ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 10 қыркүйек №4360-25-00-2/2033 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Морозова» атауымен әрекет етуші Морозова Евгения Александровна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:
Талап қоюшы «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер «Морозова» атауымен әрекет етуші Морозова Евгения Александровна жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы толығымен қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Морозова» атауымен әрекет етуші Морозова Евгения Александровна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Морозова» атауымен әрекет етуші Морозова Евгения Александровна жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 1 966(бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 10.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 21.10.2025, судья Елшібеков Б. Е., 22.10.2025
4360-25-3-1/2116

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 10.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.10.2025, судья Елшібеков Б. Е., 22.10.2025

4360-25-3-1/2116